

А.К. Жолдас¹, Г. Батырбекқызы², Г.У. Ахметшина^{*3}, М.У. Жумабеков²

¹Қ. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

³Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Астана, Қазақстан

(E-mail: asylxan.zholdas@inbox.ru; goha_batyr@mail.ru; guldena_82@mail.ru; jumabek-777@mail.ru)

Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институтының тарихы және қызметі

Қазақстандық білім берудің қазіргі заманғы проблемаларын шешу үшін оның тарихи тәжірибесін жан-жақты зерделеу және шығармашылықпен пайдалану ерекше маңызға ие. Бұл тақырыпты зерделеу қажеттілігі зерттеудің тақырыбы орта білімі бар мұғалімдерді, оның ішінде ХХ ғасырдың 20-жылдарында ұлттық кадрларды даярлау бойынша педагогикалық оқу орындарының жүйесін құру мәселесі болып табылады. Осыған байланысты, осы мақала Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының құрылу тарихы мен қызметіне арналған. Оның қалыптасуының бастауы 1918 жылдың қазанына жатады, сол кезде Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариатының шешімімен Орыс педагогикалық училищесінде қырғыз (қазақ) педагогикалық бөлімшесі ашылды. Мұрағаттық деректер негізінде мақалада институтты ашу бойынша дайындық іс-шаралары талданып, оны қаржыландыру көздері анықталды. Институттың материалдық базасының дамуы қарастырылған, оның оқушылары мен оқытушыларының контингенті зерделенді, ХХ ғасырдың 20-жылдарында Ташкенттегі алғашқы қазақ институтының орыс-қазақ мектептері үшін кадрлар даярлауға қосқан үлесі айқындалды. Оқу процесін ұйымдастырудың, оқу бағдарламалары эволюциясының, институттағы оқу-тәрбие жұмысының принциптерінің жалпы мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, Қазақ ағарту институты, Ташкент, білім беру, кадрларды даярлау, оқу үдерісі, халықтық ағарту, білім беру мекемесі.

Kipicne

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ қоғамы түбегейлі әлеуметтік-саяси және мәдени өзгерістер кезеңін бастан өткергені белгілі. Ұлттық мемлекеттілік идеясының күшеюі, ағартушылық қозғалыстың жандануы және кәсіби мамандарға деген сұраныстың артуы қазақ халқы үшін жаңа үлгідегі білім беру жүйесін қалыптастыруды күн тәртібіне қойды. Осы тарихи жағдайда Ташкент қаласында ашылған алғашқы Қазақ ағарту институты қазақтың жоғары педагогикалық білім беру тарихындағы шешуші кезеңдердің біріне айналды. Осымен қатар Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының құрылуы Қазақстан аумағында жоғары оқу орындарының әлі қалыптаса қоймағанымен тікелей байланысты болды. Сондықтан ХХ ғ. алғашқы ширегінде Ташкент Түркістан өлкесінің ірі мәдени-білім және әкімшілік орталығы ретінде қазақ жастары үшін білім алудың негізгі орталығына айналды және қазақ ағарту институты ұлттық педагогикалық кадрларды даярлауға бағытталған алғашқы жүйелі оқу орны ретінде қызмет атқарды.

Атап өтуіміз қажет, институттың тарихи маңызы оның тек педагогикалық мамандар даярлауымен шектеліп қана қойған жоқ, сонымен бірге қазақ зиялыларының ағартушылық идеялары мен кеңестік білім беру саясатының тоғысқан кеңістігіне айналып, ұлттық білім беру дәстүрінің жаңа институционалдық үлгісін қалыптастырды. Аталмыш институтта білім алған түлектер кейін Қазақстандағы халық ағарту ісінің дамуына, мектеп жүйесінің орнығуына және ұлттық интеллигенцияның қалыптасуына елеулі үлес қосты.

Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының тарихы ұзақ уақыт бойы отандық тарихнамада толыққанды зерттеу нысанына айналмай келді, себебі, оқу орнының Қазақстан аумағынан тыс жерде орналасуы, архивтік құжаттардың шашыраңқы күйде сақталуы және кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулер институттың қызметін жан-жақты зерттеуге кедергі келтірді. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана бұл оқу орнының тарихын ұлттық білім беру мен зияткерлік тарих тұрғысынан қайта қарастыруға мүмкіндік туды. Осыған байланысты Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институтының тарихын зерттеу қазақ халқының ағартушылық дәстүрін, ұлттық педагогикалық ойдың қалыптасуын

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: guldena_82@mail.ru

және ХХ ғ. алғашқы ширегіндегі зияткерлік үдерістерді терең түсінуге жол ашады. Институттың қызметін архивтік деректер мен заманауи тарихнамалық ұстанымдар негізінде талдау отандық білім беру тарихындағы маңызды ақтандақтардың орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Материалдар және әдістер

Мақаланың деректік негізін Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларының материалдары құрайды. Атап айтқанда, аталмыш архивтің 372-қорында сақталған «Ағарту институтының қалыптасуы туралы қысқаша ақпарат», 1920 жылдың 11 қыркүйегіндегі Республиканың Халық ағарту комиссариатына ұсынылған баяндамасы, «Қазақ халық ағарту институты туралы ереженің» жобасы, Қазақ ағарту институтын ұйымдастырушы комитетінің 1920 ж. баяндамасы және 1920-1921 оқу жылындағы институттың есебі пайдаланылды.

Тақырыпты зерттеу барысында жалпы тарихи, арнайы тарихи және пәнаралық әдістер кешені қолданылды. Атап айтсақ тарихи-хронологиялық әдіс институттың құрылуынан бастап оның даму, қайта ұйымдастырылу және көшу кезеңдерін уақыттық бірізділікпен қарастыруға мүмкіндік береді. Архив құжаттары негізінде институттың ашылуы, құрылымдық өзгерістері, мәртебесінің ауысуы және қызметінің тоқтауы немесе трансформациясы кезең-кезеңімен талданған. Осымен қатар тақырыпты зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс институттың пайда болу себептерін, алғышарттарын және қалыптасу логикасын анықтауға мүмкіндік берді. Келесі бір маңызды әдіс — архивтік деректерді талдау әдісі де қолданылды. Осы әдіс Өзбекстан Республикасының архивтерінде сақталған ресми құжаттар, қаулылар, бұйрықтар, хаттамалар т.б. құжаттарды талдау барысында пайдаланылды. Ал зияткерлік тарихи әдіс арқылы институтты тек оқу орны ретінде емес, ұлттық интеллектуалдық орта қалыптасқан кеңістік ретінде қарастыруға болады. Тақырыпты зерттеу барысында жүйелік-құрылымдық әдіс те кеңінен қолданылды. Жүйелік әдіс институтты тұтас құрылым ретінде қарастырып, оның басқару жүйесі, оқу процесі, оқытушылар құрамы мен студенттік ортаның өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелері

1918 жыл қазақ халқының білім беру және ағартушылық тарихында айрықша орын алады. Дәл осы жылы Ташкент қаласында алғашқы Қазақ ағарту институтының негізі қаланды, бұл оқиға ұлттық педагогикалық кадрлар даярлаудың институционалдық бастауын білдірді. Институттың құрылуы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістермен, ағартушылық қозғалыстың күшеюімен және ұлттық интеллигенцияның қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты болды. ХХ ғ. басында Қазақстан аумағында жоғары немесе арнаулы педагогикалық оқу орындары болмағандықтан, қазақ жастары білім алу үшін Омбы, Қазан, Орынбор, Уфа және әсіресе Ташкент қалаларына шоғырланды. 1917 ж. Ақпан және Қазан төңкерістерінен кейін Түркістан өлкесінде халық ағарту ісін қайта ұйымдастыру мәселесі күн тәртібіне шықты. Осы тарихи жағдайда қазақ зиялылары мен жергілікті кеңестік билік өкілдері қазақ тілінде мұғалімдер даярлайтын арнайы оқу орнын ашу қажеттігін алға тартты. Бұл туралы Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің 372-қорында сақталған Ағарту институтының қалыптасуы туралы қысқаша ақпаратта «*Постановлением Мусульманского комитета от 7-15/10/1918 г., утвержденным Советом Народного образования 20/10/1918 г., №34, п. 1-й, при русском Педагогическом училище открыто Киргизское педагогическое отделение*» [1; 5] деп көрсетілген. Архив құжаттарына сәйкес, бастапқыда институтта 30 адам білім алған және институттың ғимараты Ташкент қаласындағы бұрынғы кадет корпусының ғимаратында орналасқан. Сонымен қатар бастапқы кезеңде жатақхана мәселесі де назардан тыс қалмағаны байқалады, архив құжатына сәйкес курстарға қатысушылар үшін К. Маркс көшесіндегі 58-үйде орналасқан бұрынғы Вирскийдің үйі бөлінген. Алғашқыда педагогикалық курстарға Түркістан өлкесінің әртүрлі аймақтарынан қазақ зиялылары тартылған, атап айтқанда, Перовск қаласынан Қоңыр Қожа Қожиков, Хиуадан Абдул-Азиз Байсейтов, Шымкенттен Сегізбай Айзунов шақырылған [2; 37]. 1919 жылдың 1 шілдесінен бастап педагогикалық бөлім жеке педагогикалық училище ретінде бөлініп, ал 1920 жылдың 1 қазанынан бастап 4 негізгі және 3 дайындық сыныбы бар Өлкелік Қазақ Ағарту институты болып қайта құрылған [1; 5].

Архив қорында сақталған «Қырғыз халық ағарту институты туралы ереженің жобасына» сәйкес институттың мақсаты — білімнің түрлі салалары бойынша жоғары білікті мамандар даярлау ғана емес, сонымен қатар қырғыз халқының мәдениеті мен ағарту ісінің орталығына айналумен байланысты еді. Осымен бірге, институттың аясында педагогикалық, медициналық,

ауылшаруашылық, физика-математика бөлімдері болған. Осы жобаның «Ескерту» бөлімінде «...Қырғыздар арасынан шыққан ғылыми-педагогикалық кадрлардың жетіспеуіне байланысты уақытша түрде тек педагогикалық бөлім ғана ашылады, ал қалған бөлімдер ана тілінде сабақ бере алатын ғылыми қызметкерлер мен тыңдаушылар құрамы табылған сайын кезең-кезеңімен ашылады. Басқа бөлімдер ашылғанға дейін Қырғыз халық ағарту институтының негізгі бөлімі төрт жылдық оқу мерзімі бар педагогикалық бөлім болып табылады, онда оқыту ана тілінде жүргізіледі. Институттың негізгі бөлімдеріне тыңдаушылар даярлау үшін оның жанынан бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімде даярлық курстары ашылады, бұл сол кезеңнің талаптарына сай жүргізіледі. Институттың алғашқы кезеңдегі қызметі педагогикалық бағытта ұйымдастырылды. Оқу бағдарламасына жалпы білім беретін пәндермен қатар педагогика, психология, әдістеме, ана тілі және тарих пәндері енгізілді...» [3; 20] деп көрсетілген.

Қырғыз институты Ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде институттың бағдарламасының Халық ағарту комиссариатының мектебінің шамамен алынған бағдарламасына сәйкес келмейтіндігін ескере отырып, Ұйымдастыру комитетінің мүшелері бірыңғай еңбек мектебінің екінші сатысындағы апталық сабақтардың үлгілік кестесін қарастырды және жергілікті халықтың өмір сүру жағдайлары мен мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, оған келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізді: а) француз және неміс тілдері барлық курстарда араб және парсы тілдерімен алмастырылады, ал 4 және 5 жылдарда қырғыз тілімен байланысты түркі тілдерінің басқа да диалектілерін салыстырмалы түрде оқыту енгізіледі; б) 4-ші оқу жылында еңбек мектебінде аптасына 2 сабақтан практикалық сабақтар енгізіледі; в) 5-ші курс үшін қосымша кесте ұсынылады [4; 6].

1 – кесте

Институтта аптасына оқытылған сабақтар саны [4]

Пән атаулары	Оқудың 1-ші жылы	Оқудың 2-ші жылы	Оқудың 3-ші жылы	Оқудың 4-ші жылы	Оқудың 5-ші жылы	Барлығы
Қазақ тілі	4	4	4	4	4	20
Психология	-	-	-	2	2	4
Философия	-	-	-	2	2	4
Математика	4	4	3	3	3	17
Химия	4	1	2	2	-	9
Физика	3	3	3	3	-	12
Жаратылыстану	3	3	3	3	-	12
Герография	2	2	3	2	2	9
Тарих	2	2	2	2	2	10
Орыс тілі	4	4	4	4	4	20
Парсы тілі	2	2	3	3	3	13
Араб тілі	2	2	3	3	3	13
Қол еңбегі	3	3	2	3	3	14
Графикалық өнер	2	2	2	2	2	10
Физикалық жаттығу	2	2	2	2	2	10
Өлең айту	2	2	2	2	2	10
Педагогика	-	2	3	3	-	8
Дидактика	-	2	3	3	3	11

Кестеде берілген мәліметтерді талдайтын болсақ, институтта барлығы 5 жылдың ішінде 18 пән бойынша білім беру бағдарламасы қарастырылғанын көре аламыз, соның ішінде қазақ тілі, орыс тілі және математика пәндері бойынша сағат санының көптігін, ал химия, тарих және педагогика пәндері бойынша сағат санының аздығын байқауға болады.

1920 жылдың 11 қыркүйегіндегі Республиканың халық ағарту комиссариатына ұсынылған баяндамаға сәйкес Қырғыз (қазақ) институтының Ұйымдастыру комитеті институтқа қызметке бірқатар мектеп қызметкерлерін шақырған. Ташкент қаласында институт қызметінің талаптарына сай келетін, оның түрлі оқу бөлімдерінде оқытушы лауазымдарын атқара алатын адамдардың жеткілікті саны табылмағандықтан, оқытушылардың көпшілігі Түркістан өлкесінің әртүрлі қалаларынан шақырылған және педагогтарға пәтер беру туралы шешім шығарған [5; 28].

1920 жылдың 1 қазанында сабақ басталған Қазақ ағарту институтында оқу жылының басына қарай 202 білім алушы болған, ал оқу жылының аяғына қарай осы көрсеткіш сақталған. 1921 ж. оқу

жылының басына қарай 221, ал осы оқу жылының аяғына қарай оның саны 178 адамды құраған. 1920-1921 жылдары оқытушылық құрамның саны 33 адам болған [6; 89].

Институттың материалдық базасы төмен деңгейде болған. Бұл туралы Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту институты комитетінің Түркістан Республикасының Халық Комиссарлары кеңесіне берген баяндамасында «*1-қазаннан бастап Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту институты өз жұмысын бастады. Қазіргі бар жағдайларда оқу үдерісінің дұрыс жүруі институттың материалдық жағдайына айтарлықтай дәрежеде тәуелді, алайда бұл жағдай ең алдымен мынадай мәселелерге байланысты:*

1. Институттағы сабақ кестесінде кешкі сабақтар қарастырылғанына қарамастан, сыныптар мен дәліздерде жарық мүлде жоқ, бүкіл институтта бар болғаны бірнеше электр шамы ғана бар. Институт басшылығы бұл мәселе бойынша қанша рет және қай мекемелерге жүгінсе де, нәтиже болмады. Осы себептен кешкі сабақтарды өткізу мүмкін емес, ал оқушылар қараңғыда отырып, ештеңемен айналыса алмайды. Интернаттың кейбір жатын бөлмелерінде де жарық жоқ, ал тәрбиешілер түнде тәрбиеленушілер өздерінің табиғи қажеттіліктерін өтеу үшін жатын бөлмеден шығатын жолды қолмен сипалап табуға мәжбүр. Бұл, әрине, үлкен қолайсыздықтарға әкеледі.

2. Терезелердің көпшілігінде және әйнектелген есіктерде шыны жоқ, соның салдарынан қатты жел өтеді. Мұндай жағдай суық түскенде оқушылардың денсаулығына өте зиян тигізіп, жаппай аурулардың пайда болуына себеп болуы мүмкін. Әсіресе бұл лазаретте аса қауіпті, өйткені онда ауыр науқастар, жиі жоғары температурамен жататын адамдар бар, ал ол жердің терезелерінде де шыны жоқ. Институттың компросқа және коммуналдық бөлімге бірнеше рет шыны жіберу туралы талаптарына қарамастан, бұл талаптар әлі күнге дейін орындалған жоқ... .. Институт Халық Комиссарлары Кеңесінен институттың айрықша ауыр жағдайына назар аударуды, жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды және институттың өмірін мүмкіндігінше қысқа мерзімде жолға қоюды өтінеді, өйткені алдағы оқу жылы зая кетпеуі тиіс. Бес миллиондық қырғыз халқы өз өлкесіндегі жалғыз оқу орнына, қырғыз халқының ағарту тарихында аса маңызды рөл атқаруы тиіс мекемеге, Кеңес өкіметі тарапынан лайықты көңіл бөлінуін және барлық заңды талаптардың ең алдымен қанағаттандырылуын талап етуге әбден құқылы» [3; 14] деп көрсетілген.

1920–1921 жылдардағы институт қызметі туралы қысқаша есепке сәйкес осы оқу орнының бүкіл оқу-тәрбие жұмысы 3–5 адамнан тұратын комитеттің қолында болған. Бұл адамдардың көпшілігі басқа мекемелерде негізгі қызмет атқарғандықтан, институттың тәжірибелік өміріне тікелей әрі тұрақты қатыса алмаған. Сонымен қоса, аталған оқу жылында институтта 5 жылдық негізгі курстардан бөлек, дайындық мектебі, балаларға арналған бір жылдық және екі жылдық курстар, сондай-ақ жазғы дайындық курстары жұмыс жасаған. Қазақ тіліндегі оқу құралдарының болмауы, педагогикалық басшылықтың жеткіліксіздігі, институттың қажетті оқу жабдықтарымен нашар қамтамасыз етілуі, сондай-ақ I және II сатылы мектептердегі бірқатар өзгерістер оқу жоспарының дамуына әсер еткен. Осындай жағдайлардың орын алуына байланысты институттың оқу жұмысының дамуы баяулаған, осының нәтижесінде сабақтардан бөлек сыныптан тыс жұмыстар (баяндамалар, дәрістер) да ұйымдастырылып отырған [3; 14].

Оқу үдерісін жандандырудың тағы бір көрсеткіші негізгі курстардың әртүрлі бөлімдерінің жүйелі түрде саралануы болды. Мәселен, педагогикалық топпен қатар тарихи-филологиялық, физика-математика және жаратылыстану-географиялық бөлімдердің топтары жұмыс істей бастады. Бұл топтардың тыңдаушылары жалпы білім беретін пәндермен қатар қазақ және орыс тілдерін, математиканы, физиканы, географияны, тарихты, жаратылыстануды, химияны және басқа да пәндерді, сондай-ақ пәндік оқытуға арналған мамандандырылған пәндерді оқыды. Сонымен бірге сыныпта оқыту әдістемесін меңгеруге, педагогиканы дидактикамен бірге оқуға, психологияны, логиканы, мектеп гигиенасын, түркі халықтарының тарихын, музыкалық және дене тәрбиесін игеруге айрықша мән берілді [7; 24].

Сонымен қатар институттың кадрлық әлеуеті нығая түсті. Атап айтқанда, институттың 1922 ж. 1 наурыздағы оқытушылар тізіміне келесі мұғалімдер енді: Абланов Сыдық (ана тілі), Байтұрсын Ахжан (тарих), Батурын Ғұлам (орыс тілі), Байтұрсын Адилбек (математика), Байтасов Абдулла (қазақ тілі), Досмұхамедов Халел (гигиена), Бежанов Ш. (қазақ тілі), Колесникова Серафима Васильевна (орыс тілі), Тынышбаев Мұхаметжан (тарих), Скорбачев Иван (орыс тілі), Табынбаев Емберген (психология), Жұмабаев Мағжан (педагогика), Штейн (математика), Кашкаров К.

(география), Чегодаева З. (шетел тілі), Сарыбаев Шамғали (қазақ тілі), Просотова (физика), Бень К. (география), Сакович В. (ән айту), Түбекпаева У. Тамара (музыка пәнінің оқытушысы), Головин И. (графика және өнер), Маскеев Р. (гимнастика), Рыков Н. (сурет салу), Ғалимжанов Фазыл (жаратылыстану) және т.б. [7; 61].

1923-1924 оқу жылында институтта білім алушылардың жалпы саны 259 адамды құраған. Соның ішінде үлгілік мектептің үш бөлімінде — 91 адам, дайындық бөлімінде — 117 адам, негізгі сыныптарда — 51 адам білім алған. Яғни, келтірілген сандық мәліметтерден дайындық сыныптарында білім алушылар санының көптігін көруімізге болады, әрбір сыныпта орта есеппен 30 оқушыдан келеді [8; 79].

Осы 1923-1924 оқу жылы институттың өмірінде түбегейлі бет бұрыстарға алып келді және бұл институт қызметінің тоқтатылуымен байланысты болды. Институттың таратылуына ең алдымен кеңестік білім беру саясатының өзгеруі әсер етті. Түркістан аймағындағы ұлттық кадрларды даярлау ісі қайта құрылып, оқу орындарын орталықтандыру және бірыңғай кеңестік үлгіге көшіру үдерісі күшейді. Осыған байланысты ұлттық сипаттағы оқу орындарын қайта ұйымдастыру немесе жабу мәселесі күн тәртібіне қойылды. 1923 ж. 19 желтоқсанда Түркіпрофбюроның арнайы қаулысы қабылданып, институт студенттерін мерзімінен бұрын бітіру және институт қызметін тоқтату туралы шешім шығарылды. Аталған қаулыға сәйкес, 3-курс студенттері 1924 ж. мамыр айында жеделдетілген түрде оқуды аяқтады, ал 4-курс 1924 ж. қаңтар айында таратылды. Бұл шешім оқу жоспарына елеулі өзгерістер енгізіп, оқу үдерісінің аяқталуын жеделдетті. 1924 ж. 17 қаңтарда өткен оқытушылар мен әкімшілік өкілдерінің конференциясында институтты жабуға байланысты нақты шаралар талқыланды. Ал 1924 жылғы 8 ақпанда қабылданған шешім бойынша бірқатар студенттерге мектептің бірінші сатысында сабақ беру құқығы беріліп, олар мерзімінен бұрын диплом алды. Осылайша, 1923–1924 оқу жылы Қазинпрос тарихындағы соңғы оқу жылы болды.

Талқылау

Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институтының тарихы және қызметі кеңестік және тәуелсіздік кезеңіндегі тарихнамасында әртүрлі теориялық-әдіснамалық ұстанымдар негізінде қарастырылған. Екі кезеңнің тарихнамасындағы мұндай айырмашылықтар ең алдымен идеологиялық шектеулер, ұлттық мәселені түсіндіру тәсілі және Алаш зиялыларының рөлін бағалау тұрғысынан айқын көрінеді. Мысалы, кеңестік кезеңнің тарихнамасындағы көзқарастарға тоқталсақ, Ташкенттегі Қазақ ағарту институты, негізінен, кеңестік халық ағарту жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Бұл кезеңдегі зерттеулерде институттың құрылуы мен қызметі партияның ұлттық саясатымен, әсіресе коренизация (жергіліктендіру) саясатының жетістігі ретінде түсіндірілді [9; 64]. Кеңестік тарихнамаға тән негізгі белгілер оқу орнының ұлттық мазмұны екінші қатарға ығыстырылуымен, «қырғыз» атауы этникалық мәселе ретінде талданбай, ресми термин ретінде ғана қолданғандығымен және Алаш қозғалысына қатысқан зиялылардың рөлінің көрсетілмеуімен сипатталды. Сонымен қатар, институт қызметі таптық көзқарас тұрғысынан бағаланып, кеңестік биліктің «ағартушылық миссиясы» басым көрсетілді [10; 112–114].

Атап өту қажет, кеңестік еңбектерде архив деректері шектеулі қолданылып, идеологиялық тұрғыдан іріктелген материалдар ғана ғылыми айналымға енгізілді және осының нәтижесінде, институттың ұлттық интеллигенцияны қалыптастырудағы тарихи рөлі толық ашылмады. Мысалы, сол кезеңдегі зерттеулердің бірінде, атап айтқанда «Очерки истории народного образования в Казахстане» аталатын жұмыста қазақ педагогикалық жүйенің жалпы тарихы баяндалса да, институттың дербес рөлі және ұлттық ағарту контексіндегі маңызы кешенді түрде талданбады [9].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни 1990-шы жылдардан бастап бұл мәселе ұлттық мүдде және жаңа методологиялық тұрғыдан қайта қарала бастады. М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Д. Қамзабекұлы сияқты зерттеушілер Ташкенттегі Ағарту институтын қазақ жоғары білімінің бастауы, ал оның қызметін Алаш зиялыларының ағартушылық стратегиясымен тығыз байланыстыра қарастырды [11–12].

Тәуелсіздік кезеңі тарихнамасының ерекшеліктеріне келер болсақ, институттың ұлттық сипаты нақты дәлелдермен негізделді, «қырғыз» атауының қазақ халқына қатысты қолданылғаны деректанулық тұрғыдан түсіндірілді, архив құжаттары кеңінен пайдаланылып, жаңа деректер ғылыми айналымға енгізілді, Алаш зиялыларының ағарту саласындағы рөлі объективті әрі кешенді бағаланды [13; 101]. Бұл кезеңдегі зерттеулерде институт тек кеңестік жоба ретінде емес, ұлттық интеллигенцияны сақтап қалу мен дамытуға бағытталған тарихи мүмкіндік ретінде қарастырылады.

Кеңестік және тәуелсіздік жылдарындағы тарихнаманы өзара салыстырсақ, олардың әдіснамалық негіздерінің түбегейлі айырмашылығын көрсетеді. Кеңестік тарихнама марксистік-лениндік әдіснамаға сүйенсе, тәуелсіздік кезеңіндегі еңбектер тарихи антропология, интеллектуалдық тарих, ұлттық элита теориясы сияқты заманауи тәсілдерді қолданады.

Қорытынды

Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институты ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ халқының ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы шешуші оқу-ағартушылық әрі зияткерлік орталықтардың бірі болды. Ол кеңестік биліктің орнығуы кезеңінде ұлттық кадрларды даярлау қажеттілігінен туындап, қазақ қоғамының мәдени, педагогикалық және ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған институционалдық құрылым ретінде қызмет атқарды. Институттың оқу үдерісі мазмұны жағынан кешенді сипат алып, жалпы білім беретін пәндермен қатар пәндік мамандану, оқыту әдістемесі, педагогика, психология, дидактика және ұлттық тарих мәселелерін қамтыды. Бұл өз кезегінде кәсіби тұрғыдан даярланған, заманауи талаптарға жауап беретін әрі ұлттық мүддені терең түсінетін мұғалімдер корпусын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Институтта қызмет атқарған қазақ зиялылары мен Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері оқу ордасының ғылыми-педагогикалық деңгейін айқындап, оның ұлттық ағарту ісіндегі маңызын арттырды. Институттың қызметі кеңестік білім беру саясатының өзгеруі мен орталықтандыру үдерістеріне байланысты қысқа мерзіммен шектелгенімен, оның тарихи рөлі уақытша сипатта болған жоқ. Институттың таратылуы ұлттық ағарту ісіне институционалдық тұрғыдан шектеу қойғанымен, осы оқу орнынан аяқтаған мамандар кейінгі жылдары қазақ халқының халықтық білім беру, мәдениет және қоғамдық ой салаларында белсенді қызмет атқарды. Осылайша, Ташкенттегі алғашқы Қазақ ағарту институты ұлттық интеллигенцияны қалыптастыруда, қазақ педагогикалық ойының дамуына серпін беруде және ХХ ғасыр басындағы ұлттық жаңғыру үдерісінде маңызды тарихи миссия атқарған оқу орны ретінде ғылыми тұрғыдан жоғары бағалануға лайық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ЦГА РУз. — Ф. 372. — Оп. 1. — Д. 60. — Л. 5.
- 2 ЦГА РУз. — Ф. 34. — Оп. 1. — Д. 97. — Л. 37.
- 3 ЦГА РУз. — Ф. 372. — Оп. 1. — Д. 20. — Л. 20.
- 4 ЦГА РУз. — Ф. 372. — Оп. 1. — Д. 17. — Л. 6.
- 5 ЦГА РУз. — Ф. 372. — Оп. 1. — Д. 7. — Л. 28 об.
- 6 ЦГА РУз. — Ф. 34. — Оп. 1. — Д. 1339. — Л. 89.
- 7 Тилеукулов Г.С. Из истории становления Казахского института просвещения в Ташкенте / Г.С. Тилеукулов // Республиканский журнал «Qazaqstan». — 2024. — № 21. — С. 17–27.
- 8 ЦГА РУз. — Ф. 372. — Оп. 1. — Д. 50. — Л. 79–80.
- 9 Очерки истории народного образования в Казахстане. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. — 276 с.
- 10 Хасанов З. А. Национальная политика в Туркестане (1917–1924 гг.) / З.А. Хасанов. — Ташкент: Фан, 1985. — 198 с.
- 11 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы: Санат, 1995. — 368 б.
- 12 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет / Д. Қамзабекұлы. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 304 б.
- 13 Әбдіғалиұлы Б. Қазақ зиялылары және ұлттық мемлекет идеясы / Б. Әбдіғалиұлы. — Астана: Фолиант, 2013. — 256 б.

А.К. Жолдас, Г. Батырбекқызы, Г.У. Ахметшина, М.У. Жумабеков

История и деятельность первого Казахского института просвещения в Ташкенте

Для решения современных проблем казахстанского образования имеет особое значение всестороннее изучение и творческое использование его исторического опыта. Необходимость изучения данной темы заключается в том, что предметом исследования выступает проблема создания системы педагогических учебных заведений по подготовке учителей со средним образованием, в том числе нацио-

нальных кадров в 20-е годы XX века. В связи с этим настоящая статья посвящена истории создания и деятельности Казахского института просвещения в Ташкенте. Истоки его становления относятся к октябрю 1918 г., когда решением Народного комиссариата просвещения Туркестанской республики при русском педагогическом училище было открыто Киргизское (Казахское) педагогическое отделение. На основе архивных данных в статье проанализированы подготовительные мероприятия по открытию института и выявлены источники его финансирования. Рассматривается развитие материальной базы института, изучен контингент его учащихся и преподавателей, определен вклад первого казахского института в Ташкенте в подготовку кадров для русско-казахских школ 20-х годов XX века. Раскрываются общие вопросы организации учебного процесса, эволюции учебных программ, принципы учебно-воспитательной работы в институте.

Ключевые слова: история Казахстана, Казахский институт просвещения, Ташкент, образование, подготовка кадров, учебный процесс, народное просвещение, образовательное учреждение.

A.K. Zholdas, G. Batyrbekkyzy, G.U. Akhmetshina, M.U. Zhumabekov

History and Activities of the First Kazakh Institute of Education in Tashkent

A comprehensive study and creative use of the historical experience of Kazakhstani education is of particular importance for solving its modern problems. The necessity of studying this topic lies in the fact that the subject of research is the problem of creating a system of pedagogical educational institutions for training teachers with secondary education, including national personnel in the 1920s. In this regard, this article is devoted to the history of the creation and activities of the Kazakh Institute of Education in Tashkent. Its origins date back to October 1918, when, by decision of the People's Commissariat of Education of the Turkestan Republic, the Kyrgyz (Kazakh) Pedagogical Department was opened at the Russian Pedagogical School. Based on archival data, the article analyzes the preparatory measures for the opening of the institute and identifies its sources of funding. The development of the institute's material base is examined, its students and teaching staff are studied, and the contribution of the first Kazakh institute in Tashkent to the training of personnel for Russian-Kazakh schools in the 1920s is determined. General issues of the organization of the educational process, the evolution of educational programs, and the principles of educational and training work at the institute are revealed.

Keywords: history of Kazakhstan, Kazakh Institute of Education, Tashkent, education, training, educational process, public education, educational institution.

References

- 1 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 60. — L. 5 [in Russian].
- 2 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 34. — Op.1. — D. 97. — L. 37 [in Russian].
- 3 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op.1. — D. 20. — L. 20 [in Russian].
- 4 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op.1. — D. 17. — L. 6 [in Russian].
- 5 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op.1. — D. 7. — L. 28 ob [in Russian].
- 6 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 34. — Op.1. — D. 1339. — L. 89 [in Russian].
- 7 Tileukulov G.S. (2024). Iz istorii stanovleniia Kazakhskogo instituta prosveshcheniia v Tashkente [From the history of the formation of the Kazakh Institute of Education in Tashkent]. *Respublikanskii zhurnal «Qazaqstan» — Republican Journal «Qazaqstan»*, 21, 17–27 [in Russian].
- 8 TsGA RUz [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. — F. 372. — Op. 1. — D. 50. — L. 79-80.
- 9 (1958). *Ocherki istorii narodnogo obrazovaniia v Kazakhstane* [Essays on the history of public education in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazgosizdat [in Russian].
- 10 Khasanov, Z. A. (1985). *Natsionalnaia politika v Turkestanе (1917–1924 gg.)* [National politics in Turkestan (1917–1924)]. Tashkent: Fan [in Russian].
- 11 Koigeldiev, M. (1995). *Alash qozgalysy* [Alash movement]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 12 Kamzabekuly, D. (2002). *Alash zhane adebiet* [Alash and literature]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 13 Abdigaliuly, B. (2013). *Qazaq ziiialylary zhane ulattyq memleket ideiasy* [Kazakh intellectuals and the idea of a national state]. Astana: Foliant [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Жолдас Асылхан — PhD докторант, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-5522-3859>

Батырбекқызы Гаухар — PhD, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1356-7770>

Ахметшина Гульден — PhD, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер департаментінің қауымдастырылған профессоры, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-8752-3887>

Жумабеков Мадияр — т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-3551-3096>

Information about the authors

Zholdas Asylkhan — PhD student, K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-5522-3859>

Batyrbekkyzy Gaukhar — PhD, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1356-7770>

Akhmetshina Gulden — PhD, Associate Professor of the Department of Social and Humanitarian Disciplines, Academia of Physical Culture and Mass Sports, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-8752-3887>

Zhumabekov Madiyar — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-3551-3096>